Әділет

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы наурыздағы N 330 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1239 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді)

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығын іске асыру мақсатында сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Әділет министрліктері, Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 330 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер, Әділет министрліктерінің, Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) және олардың ведомстволарының қызметкерлері штат санының лимиттері және республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Әділет министрліктері, Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) және олардың ведомстволары аумақтық органдарының қызметкерлері штат санының лимиттері осы қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 26 қарашадағы
N 1239 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жыл 17 наурыздағы
N 330 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер, Әділет министрліктерінің, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) және олардың ведомстволарының қызметкерлері штат санының лимиттері**

| Р/с N | Атауы | Штат санының лимиті |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ведомстволарды қоспағанда<br>министрліктің орталық аппараты<br>Ішкі әскерлер комитеті<br>Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті | 1403<br>1129<br>225<br>52 |
| 2 | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ведомстволарды қоспағанда<br>министрліктің орталық аппараты<br>Тіркеу қызметі комитеті<br>Зияткерлік меншік құқықтары комитеті<br>Қылмыстық атқару жүйесі комитеті<br>Халыққа құқықтық көмекті және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті | 420<br>157<br><br>41<br>27<br>173<br>22 |
| 3 | Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) | 338 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 26 карашадағы
N 1239 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жыл 17 наурыздағы
N 330 қаулысымен
бекітілген

**Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы**

**Ішкі істер, Әділет министрліктерінің, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) және олардың ведомстволарының аумақтық органдары штат санының лимиттері**

| Р/с N | Атауы | Штат санының лимиті |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі | 18068 |
| 2 | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ведомстволарды қоспағанда министрліктің аумақтық органдары<br>Қылмыстық атқару жүйесі комитеті | 2885<br>1830<br><br>1055 |
| 3 | Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) | 3447 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК